

**Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлары
Кеңесінің отырысының
Хаттамасы**

Астана қаласы

№1

04 ақпан 2016 ж.

Төрағалық еткен: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры **Сыдықов Е.Б.**

Қатысқандар: (тізім бойынша)

Күн тәртібінде

1. 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР жоғары оқу орындарын аккредиттеу мәнінің өзгеруі туралы (Баяндамашы – Нүсіпов С.Н.).
2. Педагогикалық мамандықтар бойынша арнайы емтихан туралы (Баяндамашы – Өмірбаев С.М.)
3. Әртүрлі.

Қазақстан Республикасы ЖОО ректорлары Кеңесіне қатысушылардың пікірлермен алмасу нәтижесінде **шешім** қабылданды:

1. БжҒСБК төрағасы С.Н. Нүсіповтың 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР жоғары оқу орындарын аккредиттеу мәнінің өзгеруі туралы ақпараты назарға алынсын.

1.1. ЖОО ректорлары **2016 жылғы 15 ақпанға дейін** ҚР ЖОО ректорлары Кеңесіне «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру Ережелері» (әрі қарай – Ережелер) бойынша ұсыныстарын жіберсін.

1.2. ҚР ЖОО ректорлары Кеңесі (Сыдықов Е.Б., Молдажанова А.А.) жоғары оқу орындарының Ережелерге қатысты ұсыныстарын жалпылап, **2016 жылғы 18 ақпанға дейін** БжҒСБК-не жіберсін.

1.3. БжҒСБК-нің Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс тобына қосу үшін Молдажанова А.А., Нефедова Л.В. (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ) кандидатуралары ұсынылсын.

1.4. Ережелерге ендірілетін өзгерістер мен толықтыруларды талқылау үшін БжҒСБК-де ұлттық аккредиттеу агенттіктері мен

ректорлар кеңесі басшыларын шақырылуымен жиналыс өткізілсін.
Орындалу мерзімі – **2016 жылғы 1 наурызға дейін.**

2. ЖЖКБХҚД директоры С.М.Өмірбаевтың Педагогикалық мамандықтар бойынша арнайы емтихан туралы ақпараты назарға алынсын.

2.1. ЖОО ректорлары 22 мамырға дейін ЖЖКБХҚД-не ұсыныстарын жіберсін.

3. Жұмыс тобы (Әбжаппаров А.А., Валиев Х.Х.) жоғары оқу орнының президенті лауазымын ендіру туралы ережелердің жобасын аяқтап бітірсін және ректорлар Кеңесінің келесі отырысында ұсынсын. доработать проект положения по введению должности президента вуза и представить на следующем заседании Совета ректоров.

4. ҚР ЖОО ректорлары Кеңесі (Сыдықов Е.Б., Молдажанова А.А.) 2016 жылғы сәуір айында Ломоносов атындағы ММУ базасында өткізілетін Университеттердің еуразиялық қауымдастығының кеңейтілген отырысына қатысу үшін материалдар дайындасын.

ҚР ЖОО ректорлары
Кеңесінің Төрағасы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры



Е.Сыдықов

ҚР ЖОО ректорлары
Кеңесінің хатшысы



А. Молдажанова